Тасымалдау/ кәдеге жарату бойынша талаптар/ өткізу	51
Егер сізде мәселе туындаған болса	52
Техникалық сипаттамалары	53
Сертификаттау туралы ақпарат	53
КЕПІЛДІКТІ МІҢДЕТТЕМЕЛЕР	54

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ АСПАП СИПАТТАМАСЫ

Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық техникалық деректермен, құрылымымен, электрлік бу генераторын пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған, моделі POLARIS PSS 8040K (бұдан әрі мәтін бойынша – бу генераторы, аспап).



Сіз бу генераторын басқарудың жайлылығы мен оңайлығын, сондай-ақ, кәдімгі үтікпен салыстырғанда, киім-кешекті үтіктеудің анағұрлым жақсы сапасын бағалайсыз деп үміттенеміз.

Бу генераторы, кәдімгі электрлік үтікпен салыстырғанда, неғұрлым күрделі тұрмыстық аспап болып табылады және онымен жұмыс істегенде кейбір ерекшеліктер бар.


Сізден жаңа аспапты жұмысқа дайындаудың ерекшеліктеріне назар аударуыңызды сұраймыз.

Аспап тұрмыстық жағдайларда тұрғын үй-жайдың температурасы мен ылғалдылығында кірді үтіктеу және булау үшін пайдаланылады.

ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИЫНТЫҒЫ



БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ



СУДЫ ТАҢДАУ

Тазартылған немесе алдын ала сүзілген суды пайдалану ұсынылады.





Кермектігі жоғары сүзілмеген суды пайдалану аспаптың қызмет ету мерзімін қысқартады.



ЖАҢА АСПАПТЫ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ






1. Аспаптың қаптамасын шешу және оны тегіс бетке орналастырыңыз.
2. Бу генераторының жұмыс бетінен барлық жапсырмаларды және қорғаныс үлдірді шешіп алыңыз, бу генераторын жасаған кезде тісікке түсіп кетуі ықтимал болған шаң матаны былғамауы үшін бу генераторы үтігінің табанының бетіндегі тесіктерді тазалаңыз. Үтіктеуді бастар алдында бу генераторы үтігінің табанын сәл дымқыл матамен сүртіп алыңыз.
3. Суға арналған резервуарды әр пайдаланар алдында, сонымен қатар резервуардағы су деңгейі минималды белгіден төмендегенде толтырыңыз. Суға арналған резервуарды аспапты пайдалану барысындағы кез келген сәтте толтыруға болады.
4. Тұтқадан тартып, суға арналған резервуарды табаннан алып шығыңыз.
5. Резервуарды таза суық суға, MAX белгісінен асырмай, толтырыңыз.
6. Суға арналған резервуарды құрылғыға қайта орнатыңыз.

36



Назар аударыңыз!

Жаңа аспаптың резервуарында судың болымсыз мөлшері болуы мүмкін. Бұл Сіздің аспабыңыз өндірушімен қосымша тексерілген дегенді білдіреді.



! **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** у ыдысында қақтан қорғайтын сүзгі орнатылған, ол судың кермектік деңгейін бірнеше бірлікке төмендетеді, бұл үтіктің табанында қақтың пайда болуын азайтады.

Сүзгінің қызмет ету мерзімі ≈ 3-6 ай (құрылғыны пайдалану қарқындылығына және пайдаланылған судың кермектік деңгейіне байланысты).

Ауыстыру үшін: жай алып тастап, жаңасымен ауыстырыңыз. Қосымша аксессуар ретінде қол жетімді.



Ескертпе ретінде!

Үтікті алғашқы рет пайдаланар алдында, жұмыс беті жеткілікті таза екіндігіне көз жеткізу үшін, алдымен қажетсіз мата кесіндісін үтіктеп көріңіз.



Назар аударыңыз!

Өндірген кезде бу генераторының кейбір бөліктері маймен майланады, сондықтан аппаратты алғашқы рет іске қосқанда ол сәл түтеуі мүмкін. Бұл қауа болып табылмайды, және де пайдалануды бастағаннан кейін біраз уақыт өте тоқталады.

ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

1. Бу генераторын тегіс және тұрақты бетке орнатыңыз (алдыңғы бөлімдегі сур. қар.)
2. Суға арналған резервуар толтырылғанына көз жеткізіңіз.
3. Аспапты іске қосу үшін қуат батырмасын басыңыз. Бу генераторының үтігіндегі дыбыстық сигнал және буды қарқынды беру индикаторының жыпылықтауы қызу процесі туралы белгі береді.
4. Буды қарқынды беру индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, үнемі жанғанда - аспап жұмысқа дайын.
5. Үтікті тұғырықтан алыңыз. Бұл үшін үтікті бұғаттау/бұғаттан шығару батырмасына басыңыз және бұғаттау иінтірегін алдыға жылжытыңыз.
6. Бу беру батырмасын басыңыз және оны үтік табанындағы тесіктерден бу шыққанша басып ұстаңыз:
 - буды берудің батырмасын басқанда сораптың жұмысы іске қосылады, бұл ерекше дыбыспен сүйемелденеді;
 - жаңа аспапты алғашқы рет іске қосқанда жұмыс істеп тұрған сорап бу генераторының жүйесінен ауаны ығыстырып шығарып, оны сумен толық толтыруы, ал бу түзілу камерасында бу пайда болуы үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін;
 - егер жүйені суға толтырғанда сораптың жұмыс тоқтап қалса, буды берудің түймешігін босатыңыз, оны қайталап 10 секунд өткеннен кейін басыңыз және үтік табанындағы тесіктерден бу шыққанша басып ұстаңыз.

38




Назар аударыңыз! Кейде, алғашқы рет іске қосқанда, бу беру батырмасын 2 минутқа дейін басып ұстау қажет болуы мүмкін (толығырақ «Бу генераторлар типтері» бөлімін қар.).




6

БАСЫҢЫЗ




Бу беру батырмасын табандағы тесіктен бу шыққанша басып ұстаңыз

10 сек-қа БОСАТЫҢЫЗ.



Егер сорғының жұмысы тоқтап қалса, бу беру батырмасын босатыңыз


ТАҒЫ БІР РЕТ БАСЫҢЫЗ



Табандағы тесіктен бу шыққанша қайталап басыңыз және басып ұстаңыз


*

1-ші ҚОС. 2-і МИН дейін басып ұстаңыз.



Назар аударыңыз! Кейде, алғашқы рет іске қосқанда, бу беру батырмасын 2 мин дейін басып ұстау қажет болуы мүмкін.


7



Будың шығуы жаңа аспаптың жұмысқа дайындалуы аяқталғанын білдіреді

Назар аударыңыз!

Қауіпсіздік мақсаттарында үтіктеген кезде базаны тұрақты үтіктеу тақтайына қою ұсынылады.



ҚҰРҒАҚ ҮТІКТЕУ

- Бу генераторы оңтайлы температура таңдау технологиясын SMART TEMP пайдаланумен жасалған, ол үтіктелуі температуралық режимді немесе бу беру режимін баптау қажеттілігінсіз барлық маталарды (үтіктеуге болатын (төмендегі кестені қар.)) үтіктеуге мүмкіндік береді.
- Іске қосудың ндикаторы жыпылықтауын тоқтатып, үнемі жанып тұрғаны үтік қызғанын және құрғақ үтіктеуге дайын дегенді білдіреді.
- Үтіктеуді аяқтағаннан кейін қуат батырмасын басып, басып ұстау жолымен аспапты сөндіріңіз. Бу генераторын сөндіргеннен кейін аспапты желіден ажыратыңыз.




КИІМДЕГІ ЗАТТАҢБА	МАТАНЫҢ ТИПІ
	Синтетикалық маталар
	Жібек, жүн маталар
	Мақта, зығыр маталар
	Үтіктеу ұсынылмайды

«ECO» РЕЖИМІ

Энергия мен суды үнемдеу мақсатында бу генераторында «ECO» режимі бар. Бұл режимде, бумен үтіктеу тиімділігін жоғалтпай, берілетін будың мөлшері азаяды.

АСПАПТЫ «ECO» РЕЖИМІНЕ АУЫСТЫРУ ҮШІН:

- Аспапты қуат батырмасымен іске қосыңыз. Буды қарқынды беру индикаторы үзіліссіз жанатын болғанда, буды беру режимін таңдау батырмасын басыңыз (SET). (1-2-сур.)
- Бу генераторының «ECO» режиміндегі барлық функциялары сақталады, берілетін бу мөлшерін қоспағанда – ол азаяды.
- «ECO» режимін сөндіріп, бу генераторының негізгі жұмыс режиміне көшу үшін режимдерді ауыстырып-қосу батырмасын (SET) тағы басыңыз, бұл ретте “MAX” индикаторы жанады.
- Бу генераторын сөндіру үшін сөндіру батырмасын басып, шамамен 2 секунд бойы басып ұстау керек. (1-сур.)



Ескертпе ретінде!

Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген суреттерде тек қана жалпы, сызбалы кескіндер пайдаланылған.

БУ ГЕНЕРАТОРЫ РЕЖИМІНДЕ ҮТЕКТЕУ

1. Будың қарқынды берілуінің индикаторы жыпылықтауын тоқтатқанда, бу генераторы жұмысқа дайын дегенді білдіреді.
2. Күшті бу соққысын алу үшін бу беру батырмасына екі рет басыңыз.
3. Тұрақты бу алу үшін бу беру батырмасын басыңыз және басып ұстаңыз.



Назар аударыңыз! Бу ағынын адамдарға және жануарларға бағыттауға тыйым салынады.



Ескертпе: Кейде, жаңа аспапты алғашқы рет іске қосқанда жұмыс істеп тұрған сорап бу генераторының жүйесінен ауаны ығыстырып шығарып, оны сумен толық толтыруы, ал бу түзілу камерасында бу пайда болуы үшін 2 минутқа дейін қажет болуы мүмкін.


Ескертпе: Сорғының іске қосылуы бу беру баытмасына әр басқан кезде жүргізіледі. Сорғы жұмысы ерекше дыбыспен сүйемелденеді. Бұл қалыпты. Резервуардағы су біткенде сорғы дыбысы қаттырақ шығады. Су деңгейі минималды белгіге жеткенде, резервуарды қайта суға толтырыңыз.



1
Индикатор үнемі жанып тұр – аспап жұмысқа дайын



2
2 рет басыңыз
Күшті бу соққысын алу үшін - бу беру батырмасына 2 рет басыңыз



3
Басып ұстаңыз
Тұрақты бу үшін – үзіліссіз басыңыз



Назар аударыңыз!
Бу ағынын адамдарға немесе үй жануарларына бағыттамаңыз!!!



Ескертпе:

Жібектен, жүн және синтетикалық маталардан жасалған бұйымдарды, жылтыр дақтардың пайда болуына жол бермеу үшін, ышкі жағынан үтіктеу керек. Барқыт пен жылтырағы бар маталарды бір бағытта үтіктеу қажет. Жібек заттарды олар ылғал болғанда үтіктеу қажет.

ТІГІНЕН БУЛАНДЫРУ

- Киім ілгішке ілініп тұрған кимді үтіктеу үшін тігінен булау функциясын пайдалануға болады.
- Үтікті тік күйінде ұстап, бу беру батырмасын басыңыз және, үтік табанын киімге сәл тигізіп, үтікті жоғары және төмен қарай жылжытыңыз.



Назар аударыңыз!

Үтіктен ыстық бу шығады.

Ешқашан киімді өзіңіздің немесе басқалардың үстінде үтіктеп тырыспаңыз. Қолдарыңызды бу әсерінен сақтаңыз




Үтікті киімге сәл тигізіп, оны жоғары және төмен қарай жылжытыңыз




Ешқашан киімді өзіңіздің немесе басқалардың үстінде үтіктеп тырыспаңыз

АВТОМАТТЫ СӨНДІРІЛУ

- Үтік 10 минуттан артық қозғалмай тұрған кезде, ол автоматты түрде күту режиміне өтеді.
- Үтіктің қызуы тоқтайды, ал дисплейде алты ұзын дыбыстық сигналмен сүйемелденетін автосөндірілу индикаторы жанады.
- Аспаптың жұмысын қайта бастау үшін бу беру режимін таңдау батырмасын «SET» басу қажет немесе бу беру батырмасына басыңыз.
- Егер ешқандай батырманы баспаса, тағы 30 минуттан кейін индикаторы жыпылықтауын тоқтатады, бу генераторы сөндірілген күйге ауысады, жұмыс күйге қайта оралу қуат көзі батырмасымен жүргізіледі.




1 КҮТУ РЕЖИМІ
Үтік 10 минуттан астам қозғалыссыз болғанда, ол автоматты түрде сөнеді



2
Дисплейде алты қысқа дыбыстық сигналмен сүйемелденетін автосөндірілу индикаторы жанады.



3
Аспапты ұйқыдан шығару үшін SET батырмасына немесе бу беру батырмасына басыңыз



4 АВТО СӨНДІРІЛУ
Үтік 30 минуттан астам қозғалыссыз болғанда, ол автоматты түрде сөнеді

ҮТІКТЕГЕННЕН КЕЙІН


- Бу генераторын қуат көзі батырмасын басу және шамамен 2 секунд бойы басып ұстау жолымен сөндіріңіз.
- Аспапты желіден ажыратыңыз.



Назар аударыңыз! Міндетті түрде суға арналған резервуардан қалған суды ағызыңыз.


- Желілік баусымды бүктеп жинап қойыңыз.
- Үтікті тұғырықта бекіту үшін бұғаттау иінтірегін үтік жаққа ерекше сыртыл естілгенше жылжытыңыз
- Сіз тұғырыққа бекітілген үтікті бір қолыңызбен, тұтқасынан ұстап оңай тасымалдай аласыз.

1 2 сек. басып ұстаңыз.



Бу генераторын сөндіріңіз – Қос/Сөнд батырмасын басып ұстаңыз ≈ 2 сек.

2





Аспапты желіден ажыратыңыз

3



Үтікті тұғырықта бекіту үшін бұғаттау иінтірегін үтік жаққа ерекше сыртыл естілгенше жылжытыңыз



Жұмыс аяқталғаннан кейін резервуардағы суды ылғи ағызыңыз




Назар аударыңыз!






Үтіктеу процесі аяқталғаннан кейін резервуарда су қалдықтарын ешқашан қалдырмаңыз.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ: ӨЗДІГІНЕН ТАЗАЛАНУ ФУНКЦИЯСЫ

Аспаптың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін пайдаланудың екі-үш циклынан кейін өздігінен тазалануды үнемі жүргізіңіз, бұл үшін:

- Резервуарды суға, «MAX» белігісінен асырмай, толтырыңыз.
- Аспапты желіге қосыңыз және оның қызуын күтіңіз.
- Өздігінен тазалану функциясының индикаторы жыпылықтауын бастағанша () батырмасын басыңыз және шамамен 3 секунд басып ұстаңыз.
- Индикатордың ауыспалы жарқырауы өздігінен тазалану режимі іске қосылғанын көрсетеді.
- Табандағы тесіктерден бу мен судың шығуы басталғанда үтікті шұңғылша үстінде көлденең күйінде ұстаңыз.
- Өздігінен тазалану процесі аяқталғаннан кейін 3 дыбыстық сигнал естіледі және бу генераторы жұмыстың қалыпты режиміне қайта оралады. Өздігінен тазалану режимінің жұмыс істеуінің шамалы уақыты - 2 минут.
- Жұмыс бетіндегі бу тесікшелерін түпкілікті тазалау үшін ылғалды матаны үтіктеңіз.

Сорғы 25 сағат жұмыс істегеннен кейін тазалау процедурасын жүргізу қажеттілігі туралы ескертпе шығады, бұл ретте өздігінен тазалану функциясының индикаторы жыпылықтайтын болады.



ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ: Қаққа қарсы сүзгі







Кран суын пайдаланған кезде сүзгіні ауыстыру жиілігі пайдаланылатын судың кермектігіне байланысты. Ұсынылған ауыстыру жиілігі бу генераторы 3~6 ай жұмыс істегеннен кейін.

Су ыдысында қақтан қорғайтын сүзгі орнатылған, ол судың кермектік деңгейін бірнеше бірлікке төмендетеді, бұл үтіктің табанында қақтың пайда болуын азайтады.

Ауыстыру:



- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз, үтік суығанша күтіңіз және резервуардағы қалған суды төгуді ұмытпаңыз.
- Төмендегі суретте көрсетілгендей сүзгіні резервуардан алыңыз.
- Жаңа сүзгіні ұяларға салыңыз.
- Салқындағаннан кейін құрылғыны сақтау үшін алып тастауға болады.

Ескертпе: ауыстырылатын сүзгіні қосымша керек-жарақ ретінде сатып алуға болады.





АСПАПТЫҢ СЫРТҚЫ БЕТТЕРІН ТАЗАЛАУ

1. Тазалар алдында ылғи айырды розеткадан суырып алыңыз.
2. Корпусты болымсыз дымқылданған матамен сүртіңіз.
3. Үтік табанын тазалау үшін ылғал матаны пайдаланыңыз.



БУ ГЕНЕРАТОРЫН САҚТАУ

- Аспапты желіден ажыратыңыз және табанға суу мүмкіндігін беріңіз
-  **Назар аударыңыз! Міндетті түрде резервуардан суды ағызыңыз.**
- Үтікті тұғырыққа қойыңыз және бұғаттау интірегін үтік жаққа ерекше сыртыл естілгенше жылжытыңыз
 - Электрлік аспаптар құрғақ және жабық үй-жайда қоршаған ауаның 40°C-ден аспайтын температурарсында және 70%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақталады



Назар аударыңыз!

Қоршаған ортада шаң, қышқылды және электраспаптардың материалдарына теріс әсер ететін басқа булар болмауы қажет.

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалану үшін және үй-жайлардан тыс пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.

БУ ГЕНЕРАТОРЛАРДЫҢ ТИПТЕРІ

POLARIS бу генераторлары өздерінің құрылымы бойынша 2 типке бөлінеді:

1. Резервуарлы-помпалы бу генераторы.

Осы типтегі бу генераторларында үтік корпусында орналасқан бу түзілу камерасы бар. Сондықтан жаңа аспапты алғашқы рет іске қосқанда немесе оны ұзақ үзілістен кейін іске қосқанда резервуардан оның гидрожүйесін суға толтыру үшін біраз уақыт қажет (2 минутқа дейін). Жүйені тотырған кезде аспапты іске қосу және «Бу» режимінің батырмасын басылған күйде ұстап тұру қажет. Осы операцияны қатарынан бірнеше рет қайталау қажет болуы мүмкін. Бұды бергенде осы типтегі аспаптарда камерада бу түзілу циклы орындалғанға сәйкес «Бу» режимінің пернесін басқаннан кейін бірнеше секунд кідіріспен бу мөлшерлеп беріледі. Бұл ерекшеліктер үтіктеу мен булау сапасын нашарлатпайды. Бойлерік бу генераторлардан осы типтегі аспаптар неғұрлым пайдалы бағасымен, үнемі көрсетілетін қызметтің қарапайымдылығымен, кішірек салмағы мен қақтан автоматты тазалану функциясының бар болуымен ерекшеленді.

2. Бойлерік бу генераторы.

Осы типтегі аспаптар құрылымы бойынша кәсіби модельдерге жақын.

Бойлерлік бу генераторларында бу түзілуі аспаптың жұмыс базасына кіріктірілген бойлерде орын алады. Бойлердің көлемі бұдың айтарлықтай үзіліссіз ұзақ берілуі үшін жеткілікті бұдың мөлшерін шығаратындай үлкен. Судан болған қақ үтіктің табанында пайда болмай, бойлердің ішінде қалады, сондықтан бойлерді онда пайда болған қақтан үнемі қолмен тазалап отыру қажет (процедура «Тазалау және Күтім жасау» бөлімінде сипатталған).

Бойлерлік бу генераторлары бу түзілуінің және үтіктеудің жоғары жылдамдығын қамтамасыз етеді, бірақ, резервуарлық-помпалы аспаптармен салыстырғанда, қызмет көрсетуде сәл күрделі, сонымен қатар бағасы, салағы мен энергия тұтынуы неғұрлым жоғары болады.

Сіз сатып алған модель бу генераторлардың резервуарлық-помпалық типіне жатады.





ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспаптың пайдаланылуы «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі керек.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған. Құралды коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Аспап нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Егер Сіз аспаптың жұмыс істеу қабілетіне сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Аспапты іске қосар әр кезде оны қарап тексеріп шығыңыз. Аспап немесе желілік баусымда зақымданулар бар болғанда аспапты ешбір жағдайда розеткаға қоспаңыз. Аспап құлағаннан кейін, зақымданудың көзге көрінетін белгілері бар болса, оны пайдаланбау керек. Пайдаланар алдында құрал білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Бұл құрал денелік, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз.
- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тура күн сәулелерінен, үшкір бұрыштарға соғылуынан, ылғалдан (ешбір жағдайда сапапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз) сақтаңыз. Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспап суланған жағдайда оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.



Назар аударыңыз!

Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Аспап суға құлаған жағдайда оны дереу желіден жарытаңыз. Бұл ретте қолдарыңызды ешқашан суға батырмаңыз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында ол білікті маманмен тексерілуі керек.



- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында желінің параметрлері аспап сипаттамасында берлігендерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспап тек қана жерге тұйықталуы бар желіге қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздіңізді қамтамасыз ету үшін жерге тұйықталу бекітілген электртехникалық нормаларға сәйкес келуі керек. Бейстандартты қуат көздерін немесе қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз. Ұзартқышты пайдаланғанда ол жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Пайдалану аяқталғаннан кейін, айлабұйымдарды орнату немесе шешу, тазалау немесе аспап сынған кезінде оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Желінің артық жүктелуіне жол бермеңіз, бұл жазатайым оқиғаларға және аспаптың бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл үшін дәл сол электрлік розеткаға жалғастырғыш тетікті пайдаланумен басқа аспаптарды қоспаңыз. Ұзартқышты пайдаланар алдында ол бұзылмағанына көз жеткізіңіз.
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Электр тогынан соққы алуға жол бермеу үшін аспапты қосқанда немесе сөндіргенде желілік баусым айырының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Пайдаланғаннан кейін электрқуат баусымын ешқашан аспапты айналдыра орамаңыз, өйткені уақыт өте бұл сымның сынуды әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін аспапты өздігіңізден бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.



Назар аударыңыз!

Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Назар аударыңыз!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласыңыз

ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Үтіктің ыстық беттеріне қол тигізбеңіз. Тұтқа мен батырмаларды пайдаланыңыз.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса немесе саңылаусыздығы бұзылған болса құлағаннан кейін үтікті
- пайдаланбау дұрыс болады;
- Үтіктеген кезде және үтіктеулер арасындағы үзілістерде үтік аспап тұғырығында орналасуы тиіс;
- Желіге қосылған үтікті қадағалаусыз қалдырмаңыз. Сіз үтіктеп жатқан үй-жайдан шыққаныңызда, тіпті үй-жайды өте қысқа мерзімге шығатын болсаңыз да, үтікті желіден ажыратыңыз.
- Өзіңіздің үтігіңізді үтіктейтін тақтайда жатқан күйде ешқашан қалдырмаңыз. Үтіктеулер арасында үзілістер жасайтын болсаңыз, оны ылғи тұғырыққа қойыңыз.
- Балаларды үтікке жақындатпаңыз, әсіресе Сіз бу шығару функциясын қолданғаныңызда. Жұмыс істеген кезде бу генераторы қатты қызады және үтік бетіне қол тигізу немесе будың теріге түсуі қатты күйіктер тудыруы мүмкін.
- Үтік шығаратын ыстық бу өте қауіпті. Бу ағынын адамдарға немесе үй жануарларына бағыттамаңыз.
- Адам киіп тұрған киімді ешқашан үтікемеңіз немесе бұламаңыз.
- Аспапты жұмыс істеп тұрған плитаның немесе электрмен қыздырылатын басқа аспаптардың жанында пайдаланбаңыз.
- Желілік баусымның және жалғастырғыш құбыршектің ыстық беттермен немесе үтік табанымен жанасуына жол бермеңіз.
- Тазалаған, сақтаған кезде аспапты электр желісінен ажыратып қойыңыз.
- Суға арналған резервуарға сіркесу немесе қаққа қарсы құралдарды құймаңыз.
- Үтік табанының үшкір металл беттермен жанасуына жол бермеңіз, бұл табанда сызаттардың пайда болуына жол бермейді және оның қызмет ету мерзімін ұзартады.



Назар аударыңыз!

Аспапты қаптар алдында оған толығымен сууға уақыт беріңіз.

ТАСЫМАЛДАУ

Электраспаптар көліктің барлық түрлерімен нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалданады. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

***Ескерту:** Электр аспаптың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.*

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕжН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті жинауға жатады.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

ЕГЕР СІЗДЕ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАҒАН БОЛСА

Егер қандай болса да болымсыз мәселе туындайтын болса, әдетте, оның пайда болуының себебі табылғанда, ол оңай шешілуі мүмкін.

МӘСЕЛЕ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ЫҚТИМАЛ ШЕШІМІ
Су табандағы тесіктер арқылы ағып кетеді.	<ul style="list-style-type: none">• Үтік бу түзілуі үшін жеткілікті қызбаған.	<ul style="list-style-type: none">• Қыздыру индикаторы жыпылықтауын тоқтатқанын күтіңіз.
Табаннан аққан қоңыр ағындылар киімді былғайды.	<ul style="list-style-type: none">• Қақты кетіруге арналған химиялық өнімдерді пайдалану.• Матаның талшықтары табан тесіктеріне кептеледі және күйіп кетеді.	<ul style="list-style-type: none">• Резервуарға қақты кетіруге арналған ешқандай өнімдерді қоспаңыз.• Өздігінен тазалануды жүргізіңіз. Табанды металл емес ысқышпен тазалаңыз. Табандағы тесіктерді кейде тазалап отырыңыз.
Ластанған немесе қоңыр табан киімді кірлендіреді.	<ul style="list-style-type: none">• Жуылған кір мұқият шайылмаған немесе крахмал пайдаланылған.	<ul style="list-style-type: none">• Табанды жоғарыда көрсетілгендей тазалаңыз. Крахмалды пайдаланбаңыз.
Будың болымсыз мөлшері немесе болмауы.	<ul style="list-style-type: none">• Резервуар бос.• Үтікте қақтың түзілуі.	<ul style="list-style-type: none">• Резервуарды таза суға толтырыңыз. Өздігінен тазалануды жүргізіңіз.
Сызылған немесе бұзылған табан.	<ul style="list-style-type: none">• Үтік көлденең жайғасымда металл• тұғырықта тұрды.	<ul style="list-style-type: none">• Үтікті ылғи тұғырыққа қойыңыз.



Назар аударыңыз!

Сіздің аспапбыңызды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынұының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.



Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласуыңызды сұраймыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

POLARIS PSS 8040K

Кернеуі: 220 – 240 В

Жиілігі: ~50 Гц

Қуаты: 2800-3000 Вт

Ескерту: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударарды деп үміттенеді.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет ету мерзімі:

3 жыл

Бұйымға берілетін кепілдік мерзім:

Сатып алған күннен бастап 36 ай

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

Өткізу ережелері белгіленбеген.

Өндіруші:

NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

at factory NINGBO HAOJIA ELECTRICAL APPLIANCE CO., LTD

No.58 Jiyixiang Road, Langxia Street, Yuyao City, Ningbo City, Zhejiang Province

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД

№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян Провинциясы, ҚХР

НИНБО ХАОДЖИА ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕ КО., ЛТД зауытында

№.58 Джиисян Роуд, улица Лансья, Юяо Сити, Нинбо Сити, провинция Чжэцзян

Қытайда өндірілген.

Импорттаушы және Дайындаушының РФ-ғы және Кеден Одағы

мүше мемлекеттеріндегі уәкілетті өкілі:

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ.,

Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 үй-жай, 13-бөлме.

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Бу генераторы

Модели: PSS 8040K

Осы кепілдік бұйымның расталған сатып алынған күнінен бастап 36 ай ішінде әрекет етеді және бұйымға Мемлекеттер – Кедендік Одақ мүшелерінің «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заңдарына сәйкес кепілді қызмет көрсетуді болжайды.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
 - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
 - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділерінен.
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуына;
 - Авторизацияланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;
 - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.

4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндірушіге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!

Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдікті жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек

POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

**Авторизацияланған қызмет көрсететін орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru*

Кепілді жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

